РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯ

ның қалай ұғуға болады? Қит етсе қиындық атаулының бәрін империализм итаршыларының тіміскі тірлігінің табын таба қоятын кешегі социалистік сана мен деген миллиард елдердегі « түрлі-түсті» революциялардың тасасында да «Батыстың қолы» тұрғанын алдымен айтатыны анық. Кеңес одағы тарағалы бері бұрынғы одақтас республикалардың орнында қалған кеңістікке ықпал ету жөнінде аса ауқымды тірес, тіпті күрес жүріп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Тіресетін де, күресетін де жөні бар. Бұлай дегенде біз ол елдердің ресми билік орындарын тіпті де кінәлаудан аулақпыз. Белгілі ресейлік талдамашы Михаил Ремизовтың пікірінше, бұл мәселені ұғыну үшін АҚШ-тың саяси ықпал әдістемесін және Ақ үйдің саяси демократияландыру процестеріне стратегиялық көзқарасын білу керек. Украинадағы сайлау науқанының алдында ресми Вашингтон сценарийге араласпауға уәде етті және сол уәдесінде тұрды. Бірақ ресми құрылымдардың сыртында ондағы стратегиялық бағыттың ағынында өз бетінше жұмыс істей беретін аса көп үкіметтік емес ұйымдар бар екендігін ескеру жөн. Оларды біртұтас орталықтан бөліп қарауға болмайды. «Ресми Вашингтонға қандай да бір режимге қарсы тікелей жұмыс істеудің қажеттігі жоқ. Мұны қаптаған дербес құрылымдар жасай берсін», дейді ол. Ойланатын сөз.

Батыс еркеніетінің әлемдік даму үрдістеріне өсері өлсіреп бара жатқандығын байқау үшін соншалықты бір сұңғыла саясаткер болу шарт емес. Жапонияның, Азия « жолбарыстарының», ал кейінгі оншақты жылда Қытайдың ғажайып табыстары жана басталған жүзжылдықта біраз экономикалық теорияны төңкеріп түсіретін де таң – тамаша қалудың реті жоқ. Оны айтасыз, бірқатар талдаушылардың сөзіне құлақ түрсеңіз, 2020 жылдың маңайында Батыстың бақылауы өлем территориясының тек 24 пайызына (жұзжыл бұрынғысы – 49 пайыз), жер жүзі халықтарының 10 пайызына (бұрынғысы – 48), өлемдік экономика өнімінің 30 пайызына (бұрынғысы – 70), өндеу өнеркәсібінің 25 пайызына (бұрынғысы – 84), әскери қызметшілердің 10 пайызына ғана (бұрынғысы – 45) жүздеген асады екен. Жанталасқан, жағаласқан жаһандасу жағдайында өсер ықпалынан ажырап қалмау үшін өрекет етіп жатырсың деп ешкімді де жазғырудың жөні келмейді. Оның үстіне бүгінгі заманның ол күресі бағындағыдай басып алу, жаулап алуды мақсат тұтпайтынын, ықпалы жүретін елдердің геосаяси мүмкіндігін, экономикалық әлеуетін, шикізат қорын пайдалану тұрғысында, бұлайша қарағанда халықаралық құқық нормаларын бұзбай-ақ атқарылатынын ескеру керек.

Жүзеге асырылған революциялардың бәрінде де Батыс қолдағандардың жолы болып жүргені де кезге ұрып тұр. Ол үшін кімнің кімнен қанша алғаныныңтаймын деп киналудың қажеті шамалы. Тбилисидегі бір көшенің Джордж Буш көшесі аталғанын айтудың өзі жетіп жатыр. Грузиядағы Ресей әскери базаларын әкетуді табанды түрде талап етуді қай жағынан да қолдай тұра, сол әскер ел шетінен шығысымен-ақ мемлекет бюджетіне мұхиттың ар жағынан 300 миллион доллардың ғайыптан тайып қуыла қалғанына назар аудармай тағы тұра алмаймыз. Сондай көмектің арқасында Грузия біраз қиындықты өңсеріп те келеді. Басқаны қойғанда, бүкіл ел бойынша электр шамы қайта жаңанының өзіне ондағылар тәубе деп отыр. Жол бойында тәртіп орнағанын, жастардың бивл оқуға алғаш рет пара да бермей, бастық таныстарға бара да бермей түскенін де айтысады жұрт. Алайда, жағдай өлі ауыр. Грузиядағы дәрігерлер мен мұғалімдердің орташа жалақысы 30 доллардан аспайды. Зейнеткерлердің зейнетақысы өкі есе өсіп, 15 долларға жеткенмен, қымбаттаған баға да қол жеткізбей барады. Мысалы, бензиннің бір литрінің құны – 1 доллар. Журналист Шалва Кипианидің жазуынша, ел халқының 200 мың тұрғыны жұмыссыз. Қазір Грузияда шамамен 3,5 миллион

адам тұрып жатқанын ескерсек, бұл қомақты сан. Негізінде мемлекетте 5 миллион адам бар деп саналады, алайда оның 2 миллионға жуығы абхаз соғысы кезінде ел шетінен шығып кетіп, қайтуға қауіптен жүр. Айтқандай, Абхазия мен Оңтүстік Осетияның Грузия құрамына қайта қосылудан үзілді-кесілді бас тартып отырғаны және бар.

Украинаны кешегі кеңестік күндерде де көргенбіз. ТМД елдері басшыларының саммитінде барғанда алдыңғы жылы тағы көрдік. Бір кезде аты аталғаннан-ақ өзуге күлкі үйірілетін ару қала Одессаға да бардық. Атақты «Антей» ұшағын жасаған, Патонның дәнекерлік келірін тұрғызған елдің экономикалық әлеуеті мол. Қучманың алғауыстар арасындағы қақтығысты реттей алмауынан Украинаның негізгі қаржы өнеркәсіп топтары ара-дара екенін естігенбіз. Өткен жылы күзде елде ырыңжырқы басталды. Сайлау әділетсіз еткізді деп Майдан алаңын ай бойы босатпаған оппозиция ақыры сайлаудың екінші турының ұйымдастыруға қол жеткізді. Кезінде Қучма отставкаға жіберген бұрынғы премьер – министр Виктор Ющенко президент болып сайланды. Бір қызығы, дәл осындай жағдай кезінде Қучманың өзі бастан көшкен – 1993 жылы премьер – министр қызметін атқарып тұрған жерінен оны елдің бірінші президенті Леонид Кравчук отставкаға жіберген. Сол жағ-

зор қысыммен, тарап кету қаупі төніп тұрған жағдайда жұмыс істеп жатыр, жоғарғы сот билігінің қызметі шын мәнінде тоқтап тұр. Экономика қиратылған.

Бюджетті өйтіп – бүйтіп толтырған сияқты болу үшін көсіпорындар қазірдің өзінде 2005 жылға желтоқсанның есебінен салық төлеуде. Үкіметтің жұмысын елеулі түрде өзгертпейтінше Қырғызстанға былық қыстан шығу өте қиынға түседі. Жаныңыз ауыра ма, ауырмай ма, ағайын? Ауылы аралас, қойы қоралас қырғыз бауырларға жаныңыз ашығандықтан да ашынып, ашығын айтамыз.

Саясаттанушы Нұр Омаровтың ойынша, дәл қазір Қырғызстанда толыққанды саяси дағдарысқа қажетті барлық жағдай пісіп- жетіліп тұр. Сараптамышы сценарийдің беті жаман өрбіген жағдайда Қырғызстанның мемлекет ретінде ыдырауы таяудағы екі жылда болжаланатын отыр дегеннен де тайынбаған.

Орталық Азия бойынша сарапшылар кеңесінің таяуда Алматыда өткен II – ші отырысында тіпті Қырғызстанның бөлініп кету мүмкіндігіне дейін қарастырылды. «Жаңағы жылдан жұмыртқаласын» дей салатын сез емес мұның бәрі. Соңғы кезде Ресейге бағыт алған мигранттардың саны бірден 40 пайызға артқаны, соның 22 пайызы қырғыздардың өзі екендігі ойлантай қоймайды. Өз елінен безуге не айтуға болады?

дай жақында тура сол күйінде тағы қайталады: енді Ющенко премьер – министр Юлия Тимошенконы отставкаға жіберді. ... Қазір ондағы жұрттың біразы Тимошенконы жақтап жатыр. Келесі жылы көктемде өтетін Рада сайлауында Тимошенко партиясы орынның басым бөлігін алады деген болжам бар. Жақында Алматыда Саяси зерттеулер орталығы Қырғызстан мен Украинадағы жағдайға талдау жасаған жиын өткізді, оған Қазақстанның, Қырғызстанның, Украина мен Ресейдің саясаттанушылары қатысты. Украинаның әлеуметтік технологиялар орталығының өкілі Игорь Загороднийдің айтуынша, қазір онда электрортаттың парламент сайлауы қарсаңындағы қайта бөлінісі жүріп жатыр. Кезінде Януковичті қолдағандардың өзі онан көңілі қалып, енді «батыл, іскер» Тимошенконың лагеріне ойыса бастаған сыңайлы. Ел Конституциясына былтыр ғана енгізілген өзгерістерге сәйкес Украинаның президенттік республикадан парламенттік республикаға ауыстығынын ескерсек, ондай жағдайда елді екі жүзінде кім басқарып кетуі мүмкін екенін өзіндік шамалай беріңіз. Қазір Тимошенко ханым бастаған ісін аяғына жеткізе алмай арманда кеткен өлі ердің атағын алып, абыройлы болып тұр. Зады, кім қысым көрсе соған жаны аши қалу адамның табиғатына тән нәрсе сияқты. ... Оның жасалп жүргені дұрыс па, бұрыс па дегенге талай адам қарап та жатпайды. Дегенмен, Украинадағы соңғы екі жылдың оқиғаларына біз сырт көзбен қарап керейікші.

«Қатардағы украиндықтардың дәл бүгін көңілі қалып, есі жиылғаны анық. Олардың ортақ ойы мынаған саяды: «Саясаткер атаулының бәрі бірдей: демократиялық саяси процесте қатысқанды дегендегі тапқанымыз бәз баяғы сыбайлас жемқорлық болып шықты!», деп жазады американдық «The Washington Times». Өз командасының жеңіліске ұшырағанын Виктор Ющенко: «Сегіз айдың ішінде биліктің келбеті өзгерген жоқ. Оның негізгі себебі мемлекеттік мүдделердің маңыздылығын түсінбеу- мемлекеттік қызметкердің басты мұраты азаматқа және мемлекетке жұмыс істеу екендігін түсінбеу. Оның орнына атқарушы билік өзін өзі насихаттаумен айналысты», деп ашық мойындады. «Литер» газетіндегі мақалада Украина президентінің штаттан тыс кеңесшісі Борис Немцов мұнан да өткізіп айтқан. «Орын алған жағдайдың басты сыры Тимошенко үкіметінің Украинаның қарқын ала бастаған экономикасын нағыз экономикалық дағдарысқа жеткізгеніне. Ол (Ю. Тимошенконы айтады – С.А.) жау жинап тұратын инвестициялық ахуал қалыптастыруды, үкіметтегі басқарушылық берекесіздігінің шет – шегі болмады. Соңғы бір жылдың ішінде украин экономикасына түскен инвестиция 12 есе кеміп кетті, ал жұрттың бәрі «сарғалдық» революциядан аспаннан алтын жауатындай күтіп еді. Капиталдың сыртқа қашуы 2 миллиард долларға жетті – бұл дегеніңіз Украина үшін орласан ақша. Оны бұрынғырақ қуу керек еді.

Бұған қоса 2005 жылы Украинаның жалпы ішкі өнімнің көлемі 1,5 пайызға кемігенін, ал мұнан бір жыл бұрын оның өсімі 12 пайыз болғанын айтайың», дейді белгілі ресейлік экономист – саясаткер. Қазақтың « Бірденені жел шайқаса бірденені кектен көр» деп келетін мақалы бар еді. 50 миллиондық өлі бар, қойны – қонышы толған көні бар, іргесінен жетіп тұрған Еуропаның демі бар Украинаның өзі бір жылы ырың-жырыңнан әлтіркетп – тәліркетп кеткенде Алатаудан төмен түсер ағынды өздерінің гидроэнергетикалық қуатынан туристерді еріксіз тартатын Ыстықкөлдін сулулығынан басқа көлденең көп байлығы жоқ Қырғызстанның жағдайын өзіндік-ақ шамалай аларсыз. Дегенмен, сырт көз сыныш сөйлесін. Ресейдің Ықпалдастық мәселелері орталығының директоры Андрей Яник былай дейді: «Бірнеше айдың ішінде ел ондаған жылдарға кері қарай лақтырылып жіберілді. Биліктен бедел кетті, парламент

Бүгінде саясаттанушылардың талайы Ақаев билігінің құлатылуы демократиялық оппозицияның емес, топшыл оппозицияның жеңісі деп санайды. Кейде оны «арақ революциясы» деп те атайды. Бәрінен де алаңдатарлығы – бүгінгі биліктің елдегі қылмыстық ахуалға ие бола алмай отырғандығы. Кейінгі бірер айдың ішінде Жоғорку Кенештің бірнеше (!) Депутатының атып өлтірілуі осылай демеске амал қалдырмайды. Бішкектен небәрі 20 шақырым жердегі қатаң режимді колониядан шыққан бүліктің жағдайынан қазақстандық көрермендер мұнан бірер күн бұрын ғана хабардар бола алды.

Түрмедегілер бұрынғы бастықты орнына қайта қоюды талап еткен және сол талап орындалған. ... «Колонияға жезекшелерді еркін кіргізуден басқа талаптың бәрі де қойылып жатыр», дейді Жаза өтеу бас басқармасының (ГУИН) баспасөз қызметінің жетекшісі Сергей Сидоров. «Негізінде, бүгінгі биліктің моральдық-адамгершілік келбеті экономикалық қиындықтардан гөрі көбірек алаңдатады» – Қырғызстанның бұрынғы сыртқы істер министрі Муратбек Иманалиевтің бұл сөзін « Қызметтен кеткен соң, оппозицияда жүрген соң айта берсін ғой» дей салу ретсіз сияқты. Ел адамдарының ана биліктен де, мына биліктен де қалған көңілі ендігі қорғанышты діннен іздеуге апара жатқандай. «Экспресс К» газетінің жазғанына қарасақ, Қырғызстандағы ең мүшесі көп партияның қатарында 12 мың адам бар, ал исламдық «Хизб-ут-таһрир» мүшелері... 100 мың адам көрінеді. Қырғызстандық саясаттанушы Александр Князев елде « аугандандық барлық белгілері» бар деп санайды. Президент Нәджибулла билігі тидырылған соң аугандар талибтерді құшақ жая қарсы алған болатын. Исламдық мемлекет құру мүмкіндігіне байланысты Қырғызстанның бірқатар өңірлерінде жүргізілген сауал сұрау нәтижелері елдің оңтүстігіндегі халықтың 70 пайызына дейінгісі, солтүстігіндегі халықтың 40 пайызына дейінгісі бастан көшкен қиындықтардан кейін сондай режимде өмір сүруге қарсы емесін дегенді көрсеткен. Қырғыздың мұсылманшылығы да қазақтың мұсылманшылдығының о жақ – бұ жағы екені белгілі, мұның өзі әйтеуір бір тәртіп орнай ма деген дөменің дәлелі ғылар.

Жоғарыда сөз етілген үш елдің үшеуінде де « түрлі – түсті» революциядан кейін жағдайдың жақсармақ тұрмақ, қайта қиындап кеткенін нақты мысалдармен дәлелдеуге тырыстық. Билікке біртарап жақын деп санаатын басылымдық көзқарасындай көріп жүрмесін деп сілтеме сөздердің бәрін бізден бұрын тасқа басылған жерінен алдық. Бұл өсіре саяқтық емес. Бір кезде бір елге біріккен, тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған, қазір де Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрамында ортақ қиындықтарды бірлесеніңеріп, бір-бірімізден ықпалдасудың жаңа жолдарын іздеп жатқан елдер ретінде жанышырылған жазылған сөздер бұл.

Қазақстан айналасына артық ақылдан айттып, тәуелсіздік жолына бірге түскен, тағдырлас елдерге ұстаздыққа ұмтылып отырған ел емес.

Біздің өзіміздің де үйірен нәрсеміз, өңсерер қиындығымыз, шешетін мәселелеріміз жеткіліксіз. Бұл жағынан біз бұл елдерге ұқсаспыз. Ұқсас емес жеріміздің бірі – дамудың революциялық жолына түспей, эволюциялық жолына түскеніміз. Жұмыстың жайрату арқылы емес, жасау арқылы тынатынын түсінгеніміз. Сол Саакашвили күні кешен Қазақстанға келіп, жасампаз жұмысты көріп, « казахское чудо» деген сөзді айтып кетті. Елбасымыз Грузияның Аджария жақ бетіне барғанда көше толған халықты мәнзеп, «Шымылым айтайын, бұл жерде мені, осы елдің президентін дәл бұлай қарсы алмайды, таң қалып тұрмын», деп ағынан жарылды. Есіңізге түсіріңізші, қай заманда, қай қоғамда грузиндер қазақтарға соншама қызығып еді? Ондай жағ-

дай болған емес. Жарайды, Грузия – шағын ел, грузиндер – шағын ұлт.

Ресейдің, әлі де өлемдік держава санатындағы Ресейдің ең бір аузыдуалы саясаткерлерінің, экономистерінің аузынан: « Сіздерде сәтті жүргізілген реформалар біздерде өлі басталған да жоқ» деген бағаның берілуіне не айтамыз?

Шүкіршілік айтамыз. Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуіне өзімізбен бірге түскен елдердің маңдай алдында келе жатқанымызға шүкіршілік дейміз.

Қазақстан экономикасының қазіргі мөлшері Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан экономикаларын тізеп қосып есептегеннен де артық. Міне, біраз жылдан бері еліміз есу қарқынының шамамен 10 пайыздық деңгейін сақтап келеді. Өлемде мұндай қарқын алған ел екеуі ғана, бірі – Қытай, бірі – Қазақстан, дейді академик А. Аганбегян.

Эволюциялық даму жолының басты ерекшелігі – нақты мүмкіндіктермен санау. «Саясат – жасауға болатынды жасай білу еңағы» (Политика – искусство возможного») деген сөз бар.

Есте ұстайтын сөз. Жасауға болмайтынды жасаймыз деп уәде беруге болады, бірақ жасауға болмайды. Жасауға болатынды ғана жасауға болады. Саясаткердің сұңғылалығы соны мүмкіндігінше дер кезінде жасауында. Қара аспанды суға алдырып сөйлейтіндер біздігі керсеткіштерді Сингапурмен, Жапониямен, Америкамен салыстырады да, міне көрдіңіз бе қанша артта қалғанымызды дейді. Былай қарасаңыз, сөздерінің жаны бар.

Сингапурдай суырыла қойған жоқпыз, Жапониядай жайқалып та тұрған жоқпыз, Америкадай аршындап да кеткен жоқпыз. Ал енді айналасы 14 жылдың ішінде сондай бола қалуымыз мүмкін бе еді? Мүмкін емес еді. Ал еліміздің өлемнің статистикалық есепке алынған 117 мемлекетінің ішінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігі бойынша 61 – ші орынға көтерілуі мүмкін бе еді? Мүмкін еді. Қиын еді. Өте қиын болса да біз соны жасай алдық. Швейцарияның Давосында жыл сайын өткізілетін Тәуелсіз Дүниежүзілік экономикалық форумда 80 мемлекеттің 1000-нан астам ірі компаниялары мен корпорациялар өкілдерінің қатысуымен жасалған бұл талдаудың «Global Competitiveness Report» атты баяндамасында өлемге ұсынылған бұл тізімде ТМД елдерінің арасында Қазақстан оқбойы озық тұр. Ресей Федерациясы 75-ші, Армения 79-шы, Молдова 82 – ші, Украина 84 – ші, Тәжікстан 104 – ші, Қырғызстан 116 – шы орында. Бұған қосымша түсіндірменің қажеті жоқ. Біз ол кестені жақында « Барыстық секіріс» деген тақырыппен газетте жарияладық.

Тағы да айтамыз. асып – тасатын жөніміз жоқ. Асып – тасатын жөніміз тіпті де жоқ. «Қазақстан – 2030» Стратегиясына сәйкес тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасудың түйінді мәселелері, ұлттық қауіпсіздіктің, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуының, экономикалық өсудің, азаматтарымыздың денсаулығын жақсартудың, білімін көтеру мен өл – ауқатын арттырудың, энергетика ресурстарын тиімді пайдаландудың, инфрақұрылымды, әсіресе көлік пен байланысты, ұлттық қауіпсіздіктің нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамылудың, кәсіби мемлекет құрудың қадау – қадау проблемалары шешімін табуда. Ел астанасы Арқа тесіне ауысқалы бері мемлекетіміздің өмірінде жаңа белес – жасампаздық белесі басталғанын ер бір талапшыл оппозиция өкілі де мойындамай тұра алмайды. Тым обалы не керек, ерекше бір шектен шыққандары болмаса, ешкім де өліміз кері кетіп барады дегенді айтып жүрген жоқ.

Олар да күлкіге қалар жерін біледі. Олардың айтатыны: «Бұдан да жақсырақ өмір сүруімізге, бұдан гөрі қарқынды дамуымызға болар еді» деу. Несі бар, дұрыс. Жаңағы тізімде бірінші орында тұрған Финляндияда да, екінші орында тұрған Америка Құрама Штаттарында да, үшінші орындағы Швейцария да қазақісінен жақсырақ тұрған мүмкіндік бар. Оған кім таласады?

Олар да өз мүмкіндігін сарқа пайдалана алып отырған жоқ. Кемшіліктердің олардан да табылып қалуы ғажап емес. Өмір ғой.

Жоғарыда айтылған революцияшыл елдердің мысалынан алатын басты тағылым – тарих дамуынан қолдан, жасанды түрде жылдамдатуға ұмтылудың жөнсіздігі. Өр нәрсенің өз жолымен, өз жөнімен жүзеге асырылғаны жақсы. Кезі келген, пісіп – жетілген шешімдер өдемі орындалады. Сондай шешімдер қабылданып жатқан кезде әлгіндей ойларды осыдан біраз уақыт бұрын ортаға салған адамдардың: «Көріңіздер ме, биліктегіден басқаның аузы сасық, баяғыда осыны біз айтқанда қабылдамап еді, ақыры біздің айтқанымыз келді» деген сындай сынап сөйлеп жүретіндері болады. Оған біраз адамның ерелені, « Рас – ау, солардың солай дегені менің де өсімде» дейтіні болады. Бар мәселе ол ұсынатын сол кез үшін шынында да өрте екендігінде, ондай шешім қабылдайтын уақыттың енді келгендігінде ғой.

Мәні жағынан революциялық сипаты бар ұсынатынды жасай беру қиын емес. Олардың халықтың өмірі үшін салдары қандай болатынын болжап білу қиын. Сон

Нұра аудандық Мәслихаттың 2005 жылғы 20 қазандағы 18 сессиясының № 12 шешіміне 1 қосымша

2005 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

Table with columns: Саты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Ерекшелігі, Атауы, Сума (мың теңге). It details the budget structure from functional tasks to specific administrative units.

Table with columns: Саты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Ерекшелігі, Атауы, Сума (мың теңге). It details the budget structure from functional tasks to specific administrative units, continuing from the previous table.

Қарағанды облысы әділет департаменті
Нұра ауданы әділет басқармасында
2005 жылы 8 қарашада тіркелді
тіркеу №8-14-9

Аудандық Мәслихаттың 2005 жылғы 10 қаңтардағы 13 сессиясының «2005 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №110 шешіміне өзгерістер еңгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңдарына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра аудандық Мәслихатының 2005 жылғы 10 қаңтардағы «2005 жылға арналған аудандық бюджет туралы» (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне-1726 болып тіркелген), «Нұра» газетінің 2005 жылғы 26 ақпандағы №9 (46279) санында жарияланған 13 сессиясының №110 шешіміне, Нұра аудандық Мәслихатының 2005 жылғы 7 сәуірдегі «Нұра аудандық Мәслихатының 2005 жылғы 10 қаңтардағы «2005 жылға арналған аудандық бюджет туралы» 13 сессиясының №110 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы» 14 сессиясының №131 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар еңгізілді, мемлекеттік тіркеу Тізіміндегі нормативтік-құқықтық актілердің тіркеу номері-1726, мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген нормативтік-құқықтық актілері - 8-15-3 «Нұра» газетінің 2005 жылғы 21 мамыр №27 (46291) санында жарияланған, мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген нормативтік-құқықтық актілері - 8-14-1 «Нұра» газетінің 2005 жылғы 2 шілде №27 (46297) санында жарияланған, мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген нормативтік-құқықтық актілері - 8-14-2 «Нұра» газетінің 2005 жылғы 20 тамыз №34 (46304) санында

жарияланған, мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген нормативтік-құқықтық актілері - 8-14-6 «Нұра» газетінің 2005 жылғы 15 қазан №43 (46313) санында жарияланған, келесі өзгерістер еңгізілсін:

- 1) 1 тармақта 208347 саны 207231 санына ауыстырылсын
2001 саны 2217 санына ауыстырылсын
1517 саны 2412 санымен ауыстырылсын
 - 2) 8 тармақта 8016 саны 8401 санына ауыстырылсын
 - 3) 12 тармақта 2,4 саны 1,3 санына ауыстырылсын
2. 2005 жылғы 10 қаңтардағы Аудандық Мәслихаттың 13 сессиясының «2005 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №110 шешіміне өзгерістер еңгізілсін, 1 қосымшасы жаңа мәтінде мазмұндалсын.
3. Осы шешім 2005 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы
Қ.ОТАРБАЕВ.
Аудандық Мәслихаттың хатшысы
Т.РАҚЫМБЕКОВ.

«КЕЛІСІЛДІ»
Экономика және бюджеттік жоспар-
лау бөлімінің бастығы
Әлшынбаева Б.Н.
2005 ж.

Нұра ауданының ішкі істер бөлімінде Мемлекеттік тілді дамыту жұмысының жағдайы туралы

Нұра ауданының ішкі істер бөлімінде Республика Президентінің 1998 жылғы 5 қазанындағы № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілдің жұмыс істеу аясын кеңейту мақсатында ағымдағы жылы келесідей жұмыстар атқарылды:

Нұра ауданының ІІБ – де мемлекеттік тілді дамыту тобының инспекторы қызметінің штаты еңгізілген.

Бөлімде қазақ тілінде сөйлеу деңгейі төмен жергілікті және басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету мақсатында оқу курсы жұмыс істейді. Олардың көбі кезінде орыс мектептерінде, жоғары оқу орындарында орыс тілінде оқып білім алғандықтан, өз ана тілін жұмыста жеткілікті деңгейде қолдана алмайтын қызметкерлер. Бөлімде 3 топ құрылған: бастауыш топ біреу, жалғастырушы топ екеу. Жыл басында мемлекеттік тілді үйренуші қызметкерлердің тізімі және сабақ жүргізу кестесі, оқу бағдарламасы бекітілді. Сабақ беруге, қазақ тілі мұғалімі келісім – шарт негізінде тартылып отыр.

Қазақ тілі сабағы бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес екі кезеңде жүргізілуде: 1- кезең: қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін өткізіліп, қызметкерлерден сынақ қабылданады, 2 – кезең: ақпан айынан мамыр айына дейін, мамыр айында қызметкерлерден емтихан қабылданады. Кадр тобымен және басшы құраммен қызметкерлердің сабаққа қатысушылығы қадағаланып отырылады. Әр сабақта қызметкерлерге заң терминдерін, кәсіпкерлік сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кодекстермен, құқық қорғау органдарының іс қағаздары үлгілерімен тереңірек таныстырылады.

Ең бастысы – орын алып отырған олқылықтарға қарамастан, мемлекеттік тілді оқып үйрену, меңгеру процессі біртіндеп, міндеттілікпен қажеттілікке айналуда.

Мекеменің штат кестесіне сай қызметкерлердің жалпы саны - 110. Ұлттық құрамы: қазақ - 90, ұлт өкілдері - 20, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізе алатын қызметкерлер саны - 33, әр түрлі деңгейде оқып, түсінетін қызметкерлердің саны - 54, мүлдем білмейтін қызметкерлердің саны - 23.

2005 жылдың шілде айында Қарағанды облысының ІІД мемлекеттік тілді дамыту бөлімінде «Мемлекеттік тілде іс жүргізу бойынша кәсіби біліктілігін арттыру» курсына бес қызметкер оқып келді. Алдағы уақытта мемлекеттік тілді жетік меңгерген қызметкерлерді осы аталмыш оқу курсына жіберу жоспарлануда.

Іс жүргізудің мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен өту кестесіне сәйкес бөлім 2005 жылдың 4 – тоқсанында осы кестеге кешуді жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта барлық іс құжаттарының қазақ тіліндегі үлгілерін дайындау жұмысы жүргізілуде. Іс қағаздарының (хаттама, бұйрық, өтініш т.б. қағаздары) қазақ тілінде дайындалған үлгілері жасалынып, әрбір қызмет бөлімшелердің компьютерлеріне еңгізілуде, барлық компьютерлерге қазақ драйверлері еңгізілген. Әр қызметке, жұмыс бабында пайдалану үшін заң терминдері бар сөздіктер құрастырылып, таратылды. Қызметкерлермен әзірленетін құжаттарға методикалық көмек көрсетіледі.

Бөлімде азаматтарды қабылдау, шағымдар мен өтініштерді күн тәртібінде қарауды, шағымданушылар мен келушілердің ез тілдеріне сәйкес іс жүргізуі жолға қойылған.

Көрнекті үгіт – насихат құралдары, маңдайшалар, мерлер мен мөртабандар екі тілде жасалынған.

Бөлімде бұйрықтар мемлекеттік тілде жасалуда, көңсенің меңгерушісі және хатшысы келіп түскен іс құжаттарды екі тілде тіркеуде.

Кадр тобымен жеке құрамның қазақ тіліндегі баспасөз құралдарына жазылуы қадағаланады.

Мекемеге жұмысқа алу кезінде үміткерлер жеке іс парақтарын өздері өтініш білдірген тілде толтырады. Үміткерлермен болатын әңгімелесу хаттамасы екі тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді білу деңгейі туралы сұрақ қойылады.

Нұра ауданының Баршын поселкелік полиция бөлімшесінің қызметкерлері іс қағаздарын толығымен мемлекеттік тілде жүргізуде.

А.КАНАФИН,
Нұра ауданының ІІБ бастығы
полиция полковнигі.

С такой заботой нам и старость не страшна

Мы, участники Великой Отечественной войны поселка Кивка, выражаем искреннюю благодарность акиму нашего района Д.М.Кусаинову за ту помощь и поддержку, которые постоянно испытываем на себе. Это и ремонт наших домов, различные встречи, благотворительные мероприятия и многое другое, что вселяет в нас веру о том, что о нас не забыли и постоянно помнят, проявляя при этом большое почтение и уважение.

Немалым подспорьем нашим семьям стала материальная помощь, которая была выделена

из местного бюджета всем участникам войны района на приобретение угля (12 тысяч тенге) и оплаты за электроэнергию (по 100 квт ежемесячно) с июля по декабрь месяц. Спасибо Вам за такое проявление милосердия, тем более, что подобное пока отмечается не в каждом районе.

Кроме того, хотелось бы выразить огромное спасибо и Президенту нашей Республики Казахстан за большое внимание и заботу о ветеранах войны. В год 60-летия Победы наши ряды заметно стали меньше, а вот внимания мы ощути-

ли на себе еще больше. Пусть и впредь на казахстанской земле процветают мир и стабильность, которые достались нам ценою миллионов жизней. Мы верим, что Ваша забота будет рядом с нами до последних дней.

С уважением:
Н.Иващенко,
И.Старцевой,
И.Иващенко и все
остальные ветераны
нашей первичной
организации.

ОРГАНАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СТАТИСТИКИ - 85 ЛЕТ

7 ноября в районном акимате состоялось чествование работников районного отдела статистики, которые 8 ноября должны были отмечать профессиональный праздник и 85-летие со дня образования своей службы.

Перед собравшимися выступил начальник РОС Балмагамбет Рахимович Рахимов, возглавляющий этот коллектив на

ти в районных органах статистики три десятка лет.

В разные годы районную службу статистики также воз-

следования по ценам, доходам и расходам семьи, АЗС, аптекам, алкогольной продукции, перевозке грузов транспортом, услугам образования и т.д. Идет подготовка к важной кампании - первой национальной сельскохозяйственной переписи в Республике Казахстан, кото-



протяжении последних одиннадцати лет. В своем выступлении он сначала коснулся истории статистической службы, в частности рассказал, что отчет деятельности органов казахстанской статистики ведется с 1920 года, когда было утверждено "Положение о государственной статистике в Киргизской (Казахской) АССР" и образовано статистическое управление Казахской АССР. Карагандинское управление народнохозяйственного учета было образовано в феврале 1932 года. Следующим этапом развития органов статистики

главляли Б. Ташенов, Т. Шалабеков, а 10 ноября 1994 года районный отдел статистики принял Б. Р. Рахимов. Непосредственно в райцентре в районном отделе статистики в недавнем прошлом трудились М. К. Каирбекова, А. Абдрахманова, А. Смеян, сейчас здесь под руководством Б. Р. Рахимова работают А. С. Смагин, Г. С. Баянова и З. Е. Жахина, начавшая свою трудовую деятельность в районных органах статистики с должности инженера РИВС.

С обретением Казахстаном независимости статистика пе-

рая будет проходить в 2006-2007 годах.

По случаю профессионального праздника и в честь 85-летнего юбилея ряд работников районного отдела статистики был награжден Почетными грамотами и Благодарственными письмами

Так, Почетной грамотой акима области и Почетной грамотой акима района за многолетний, плодотворный труд и личный вклад в дело статистики Республики Казахстан был награжден начальник районного отдела статистики Б. Р. Рахи-



мо образование в 1957 году машиносчетных станций, которые позволили централизованно обрабатывать статистические данные по промышленности, строительству, транспорту и другим отраслям. В 1972 году на базе машиносчетных станций были образованы районные информационно-вычислительные станции (РИВС). Позднее они были переименованы в районные отделы статистики. В 60-х годах сбор, обработку и распространение статистических данных о явлениях и процессах, происходящих в экономической, социальной, демографической и экологической сферах района, осуществляла Нурина районспектура госстатистики, которую возглавлял Николай Максимович Гринь.

Здесь же работали Степан Афанасьевич Голощук, Иван Григорьевич Михашонок, Валерий Иванович Кудашев, Тамара Робертовна Гурина, Максуд Буктин, Михаил Карлович Кумпан, Анатолий Дмитриевич Коломеев, Иван Романович Камеев, Айтбек Канапин, Жарылгасын Бергенов, Людмила Глебова (Колесник). Более 20 лет трудились в районных органах статистики экономистами Анатолий Васильевич Рудь и Дулат Скакович Кульпеисов. С образованием районной информационно-вычислительной станции (РИВС), которую возглавил Николай Васильевич Блюменштейн, Н. М. Гринь становится его заместителем по статистике, проработав в общей сложности

реходит на новые международные стандарты. Сегодня статистическими органами собираются и разрабатываются 193 формы статистической отчетности различной периодичности. Многогранная деятельность статистических органов республики позволила за короткий период с учетом требований и рекомендаций международных экспертов сформировать национальную статистическую систему, соответствующую статусу независимого государства и отвечающую условиям рыночной экономики.

В настоящее время районный отдел статистики является структурным подразделением Управления статистики и в пределах своей компетенции в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в частности, с Законом «О государственной статистике», осуществляет возложенные на него функции. На 1 ноября текущего года статистиками укомплектованы 21 сельский и поселковый округа района, которые своевременно и качественно представляют специальные статистические ежегодные отчеты по движению зерна и мясные, квартальные отчеты по производственно-финансовой деятельности предприятий, отчеты по животноводству и растениеводству, строительству, инвестициям, малому бизнесу, транспорту, численности и фонду оплаты труда, естественному движению и миграции населения. Кроме государственных отчетов проводятся выборочные об-

ластной управлению статистики были удостоены специалисты районного отдела статистики З. Е. Жахина из райцентра, Г. М. Каусылыова из села Кобетей, Л. В. Головастая из села Шахтерское, а С. А. Аубакирова из села Кертинды, М. Р. Рустемов из села Карой, Б. О. Альшимбаева из села Байтуган, К. Даниярова из села Соңалы, А. А. Оспанова из села Майоровка и А. С. Кусаинов из села Жанбобек – Почетной грамоты акима района. Благодарственным письмом областного управления статистики была награждена ветеран труда Т. Р. Гурина.

В заключение праздничного мероприятия в честь виновников торжества был дан концерт, подготовленный работниками районного Дома культуры.

Так в районе был отмечен 85-летний юбилей столь нелегкой, но важной службы, какой является госстатистика.

Л. ГОРДИЕНКО.

На снимках: работники Нурина районного отдела статистики с начальником отдела статистики цен областного управления статистики Л. Е. Белковец (в центре в последнем ряду) и секретарем районного Маслихата Т. Р. Рахимбековым (слева во втором ряду); аким района Д. М. Кусаинов вручает Почетную грамоту начальнику Нурина РОС Б. Р. Рахимову.
Фото В. Пищулина.

Продолжается подписка на районную газету "Нұра".
Для индивидуальных подписчиков - 500 тенге, для организаций - 1000 тенге.